ЫНТА®
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ СФ
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ СФ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, 130007, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, п.Умирзак, тел.факс 445-310, e-mail: inta-aktau-30@mail.ru
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 130007, Мангистауская область, г Актау, пос. Умирзак, тел. факс 445-310, e-mail: inta-aktau-30@mail.ru

Исх 21-05/10
От 21.05.21 г.

«Камеш» ЖК директоры
М.Камешке

«СФ «Ынта» ЖШС-і Сізден төмендегі ақпаратты ұсынуды сұрайды. ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығының 3 тармағының 10 тармақшасында : мемлекеттік сатып алу саласында электрондық депозитарий (бұдан әрі – электрондық депозитарий) - әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесінің бар болуын растайтын мәліметтер мен құжаттарды қамтитын, мемлекеттік сатып алудың веб-порталында қалыптасатын электрондық мәліметтер қоры, және Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының (Біліктілік туралы мәліметтер) Ескертпесінің 9 тармағында: 9. Әлеуетті өнім берушінің құрылыс (құрылыс-монтаж жұмыстары және жобалау) саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жиынтығында есепке алынады:

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (біріншісі – жоғары, екіншісі – қалыпты, үшіншісі – төмен).

Егер конкурстың мәні бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, тек бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың мәні екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың мәні үшінші (төменгі) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төменгі) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

2) объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар).

Егер конкурстың мәні техникалық күрделі объектілер (кешендер) болып табылса, тек техникалық күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың мәні техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.);

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар);

4) бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсастығы тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір кіші бөлімінде болған жағдайда ескеріледі деп көрсетілген. Сонымен қатар ҚР Ұлттық

экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» № 165 бұйрығының 10 тармағында: Салынуы көзделген объектінің жауапкершілік деңгейін жобаны жобалау процесінде есептер, жүктемелер және әсер етулер бойынша негізгі ережелерді айқындайтын мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтермен белгіленетін, сондай-ақ:

1) жобаланған объектінің функционалдық мақсатын, сондай-ақ болашақ пайдалану барысында технологиялық процестерге байланысты, объекті мен оның бөліктерінің конструктивтік схемаларына жүктемелер мен әсерлерді;

2) қолданылатын тіреу және қоршау конструкцияларының ерекшеліктерін;

3) қабаттар (конструкциялық қатарлар) санын;

4) құрылыс салынатын жердің сейсмикалық қауіптілігі немесе өзге де ерекше жағдайлары;

5) жел немесе қар жүктемесі және басқа да табиғи құбылыстар сияқты өзге де сыртқы әсерлерді ескере отырып жүргізілген конструкцияларды (конструктивтік схемаларды) есептеудің нәтижелері бойынша, негіздер мен құрылыс конструкцияларының сенімділігі мен беріктігіне қойылатын техникалық талаптардың дәрежесі бойынша әзірлеуші (бас жобалаушы) нақтылайды деп айқындалған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және «СФ «Ынта» ЖШС-ң мемлекеттік сатып алу аясында жұмыс тәжірибесін оң әрі әділетті есептеу мақсатында қосымшаға сәйкес объектілердің техникалық күрделілігін анықтап беруіңізді сұрайды.

Қосымша: Кесте – 1 бетте.

Директор **Д.Нуралиева**